

ЖШС «Малика» мектепке дейінгі шағын орталығының меңгеруші
жанындағы кеңесі отырысының хаттамасы №3

20.12.2022 жыл

Шымкент қаласы

Төрайымы - К.Джаксибаева
Хатшысы - Д.Турлыбек
Қатысқандар – 11

Күн тәртібі

1. Жаңа жыл мерекесіне арналған дайындық:
- педагогикалық ресімдеу, музыка залын безендіру, топ балаларының киімдерін дайындау;
- ертеңгіліктің сценарийін, күнін бекіту;
- өткізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша орталық меңгерушісі К.Джаксибаева жаңа жылдық мерекеге Оңтүстік цирк артистері шақырылатындығын айта келіп, әрбір топ өз өнерлерін, тақпақтары мен қойылымдарын дайындайтындықтарын айтты. Сонымен бірге «Сиқырлы қыс әлемі» сурет және қолөнер көрмесіне жұмыстар 28 желтоқсанға дейін өткізілуі керек, ал мереке 29 желтоқсан күні өтетіндігін хабардар етті.

Музыка залын безендіру бойынша эскиз жасау Д.Турлыбекке, ал безендіру топ тәрбиешілеріне, ертеңгілік сценарийін дайындау орталық әдіскері мен ән-күй жетекшісіне, топ балаларының киімдерін дайындау К.Джаксибаеваға, ертеңгілік кезіндегі балалардың денсаулығы мен өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаруашылық меңгерушісі мен медбикеге жүктелді.

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер толығымен мақұлданды.

Шешім:

1. Жаңа жыл ертеңгілігі 2022 жылдың 29 желтоқсанында өткізілсін.
2. «Сиқырлы қыс әлемі» сурет және қолөнер көрмесі 2022 жылдың 28 желтоқсанына өткізілсін.
3. Безендіру жұмыстары топ тәрбиешілеріне жүктелсін.
4. Ертеңгіліктің өткізілуі және сценарийін жазу ән-күй жетекшісіне жүктелсін.
5. Балаларды киімдермен қамтамасыз ету шаруашылық меңгерушісіне жүктелсін.
6. Ертеңгілік кезіндегі балалардың денсаулығы мен өмір қауіпсіздігі шаруашылық меңгерушісі мен медбикеге жүктелсін.

Төрайымы

Хатшысы



К.Джаксибаева

Д.Турлыбек